

ҚАЗАҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ЗАҢ УНИВЕРСИТЕТІ  
Гуманитарлық факультет  
Филология кафедрасы

**6В02313 «Қазақ филологиясы»  
білім беру бағдарламасы бойынша**

**МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Филология кафедрасының отырысында қаралып, бекітілген

Хаттама №6 13.02.2020 ж.

Гуманитарлық факультеттің академиялық сапа бойынша кеңесінде қаралып, бекітілген

Хаттама №1 24.02.2020 ж.

Университет ОӘК мәжілісінде қаралып, бекітілген

Хаттама №5 21.05.2020 ж.

## **МАЗМҰНЫ**

1. ТҮСІНІК ХАТ
2. БІТІРУШІНІҢ КҰЗЫРЕТТІ МОДЕЛІ
3. МББ КІРЕТІН МОДУЛЬ ТІЗІМІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫСҚАША МІНЕЗДЕМЕСІ
4. МОДУЛЬДЕРДІҢ ФОРМУЛЯРЛАРЫ

## Түсінік хат

### 6B02313 «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы

**Оқу мерзімі:** 4 жыл

**Академиялық дәрежесі:** бакалавр

Модульдік білім беру бағдарламасы 6B02313 «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр академиялық дәрежесін алу үшін қажетті күзiреттiлiктердi меңгеруге бағытталған және барлық оқу кезеңдерiне арналған оқу модульдерiнiң бiрiгуi нәтижесiнде құрастырылған.

#### **Модульдік білім беру бағдарламасының нормативтік сілтемелері**

- ❖ ҚР БҒМ № 604 от 31.10.2018 ж. бұйрығына сәйкес Мемлекеттік жоғары білім берудің жалпы міндетті стандарты
- ❖ негізінде жасалды
- ❖ Студенттердің оқыту траекториясын қалыптастыру туралы Ереже. ҚазИГЗУ. Семей, 2013, 2019 ж.
- ❖ Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша Педагогтің кәсіби стандарты;
- ❖ Руководство по критериальному оцениванию для учителей основной и общей средней школ: Учебно-метод. пособие / под ред. О.И.Можаевой, А.С.Шилибековой, Д.Б.Зиеденовой. – Астана АОО Назарбаев интеллектуальной школы, 2016. – 56с.
- ❖ Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал.- Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, 2015.-58 б.
- ❖ Ф.26 «Структура модульной образовательной программы»

#### **6B02313 «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасының мақсаты:**

Студенттердің кәсіби қызметін жүзеге асыру үшін қажетті жеке қасиеттерін дамыту, жалпы мәдени, кәсіби және арнайы

құзыреттерді қалыптастыру. "Филология" мамандығының білім беру бағдарламасының мақсаты - білім алушылардың оқу жетістіктерін өлшеудің бірыңғай шкаласы мен қондырғыларын анықтау, терең мәдени білім деңгейі, жан-жақты білімі бар мамандарды даярлау бойынша бірыңғай халықаралық білім беру кеңістігінде білімді бақылау және бағалау әдістерінің құрамын қалыптастыру және анықтау. "Филология" мамандығына қатысы бар студенттердің білімі, біліктілігі, дағдылары анықталады, оның түпкі мақсаты құзыреттілік түрінде анықталады. Оқытудың ғылыми-әдістемелік негізі келесі түрде қорытындыланады: оқу процесінде студенттердің танымдық білімдері мен дағдыларын өзара байланысты дамыту арқылы құзыреттілікті қалыптастыру негізделеді. Осы ұстанымдардан студенттердің білім нәтижелері әлеуметтік-тұлғалық құзыреттер арқылы негізделеді.

- Білім беру бағдарламасы бойынша жыл сайын жұмыс берушілермен білім беру жүйесіндегі және еңбекпен қамтамасыз ету туралы мәселелер жөнінде семинар өткізіледі (№22 орта білім беретін мектеп-гимназия КММ, №10 орта білім беретін мектеп КММ). Орта білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушылары төмендегідей пәндерді енгізді: «Қазақ тілін жаңа технологиямен оқыту» пәніне қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді сабақ жоспарларын құруды кеңінен қарастыру қажет. 2020-2021 оқу жылының оқу жұмыс жоспарына енгізу;

➤ Білім беру модульдері бойынша белгіленген бағыттарда игерген маман дайындау.

❖ ЖБП блогы модуліне (барлығы 56 кредит; міндетті – 51 кредит, таңдау – 5 кредит) бітіруші меңгеруге тиіс құзіреттіліктерді қамтитын білім беру мамандықтарына арналған жалпы білімдік пәндер енеді: қоғам дамуының заңдары және әлеуметтік-саяси, құқықтық, экономикалық, экологиялық негіздерін, сондай-ақ мәдени-тарихи құндылықтарды, информатика негіздерін, тілдік қатысым және салауатты өмір салты ұстанымдарын түсіну, елдің саяси өмірі туралы ақпаратты меңгеру.

❖ БП болғына ЖОО компоненті пәндері (ЖК) – 34 кредит; және таңдау пәндері (ТК) -78 кредит. Аталған пәндер модульдері келесідей құзіреттіліктер кешенін құрайды: терең ғылыми-теориялық және методологиялық білімді қамтитын кәсіби сапалардың қалыптасуы, қазақ тілі мен әдебиеті салаларын меңгертуге бағытттайтын пәндер тізбегі.

❖ КП блогына ЖОО пәндері компоненттері (ЖК) – 22 кредит; және таңдау компоненттері (ТК) – 38 кредит. Аталған пәндер модульдері бітіруші меңгеруге тиіс негізгі және арнайы құзіреттіліктерді қамтиды: теориялық және эмпирикалық білімдерді қамтитын кәсіби сапаны қалыптастыру, сондай-ақ қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі мәселелерінің теориялық және практикалық маңызын қамтитын пәндер тізбегі.

❖ Студент теориялық оқу кезеңінде 240 кредитті меңгеріп шығады.

МББ 20 модульден тұрады.

### **6B02313 «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:**

- Филолог мамандарды ғылыми-теориялық біліктілігін арттырудың жаңа инновациялық тәсілдерін пайдалану;
- Білім беру мекемелерінде оқу-әдістемелік үрдісті ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру;
- Ақпараттық технологиялар арқылы жаңа әдістемелерді меңгерту;
- Болашақ мамандардың педагогикалық және психологиялық құзіреттілігін дамыту;

### **«Қазақ филологиясын» мамандығын бітірген маман болашақта:**

- Әдебиеттану, фольклористика және текстология салаларында зерттеулер жүргізу;
- Ғылыми - зерттеу;
- БАҚ – тағы қызмет.
- Ұйымдастыру - басқару;
- Мәдениет саласында ағартушылық жұмыстар жүргізеді;
- Білім беру мекемелерінде оқу – әдістемелік үрдісті ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру;
- Баспа өнімін түзету, редакциялау;
- Құжаттар тілін жүргізу;
- Ауызша және жазбаша аудармаларды жүзеге асырады;
- Ресми – іскерлік құжаттарды дайындайды;

## БВ02313 «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша

### БІТІРУШІНІҢ ҚҰЗЫРЛЫЛЫҚ МОДЕЛІ

Еліміз жастардан Қазақстанның гүлденуіне, егеменді еліміздің өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосар білімді білікті мамандар күтеді. Осы тұрғыдан келгенде, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің қазақ филологиясы кафедрасы Елбасының болашақ үшін ұсынған бағдарламаларын межелей отырып, республиканың парасаттылық мүмкіншіліктеріне лайықты үлес қосу, оқыту үдерісіне жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу, 12 жылдық мектеп үшін жаңа тұрпатты мұғалімдерді, филолог мамандарды дайындау бағытында, жастарды жоғары рухани-адамгершілік, мәдени құндылықтар рухында тәрбиелеу мүддесінде қызмет етіп келеді. Аталған оқу орнының бітіруші түлектері білімді де білікті оқытушылардан дәріс алып, білімін, біліктілігін, кәсіби шеберлігін шыңдайды.

Нарық жағдайында бітіруші түлектерге қойылатын талаптар:

- Бәсекеге қабілеттілігі;
- Білім беру сапасының жоғары болуы;
- Кәсіби шеберлігі;
- Әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Сондықтан «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасын бітіруші түлектің моделі төмендегідей құзіреттіліктерме нанықталады. Алдымен, «модель», «бітіруші моделі», «құзіреттілік» терминдеріне тоқталсақ.

1. **МОДЕЛЬ** (фр.modele, лат.modulus - өлшем) – белгілі бір зерттелетін нысанның ой түсінігі арқылы немесе материалдық түрде жасалған шартты үлгісі (бейнесі, сұлбасы, сипаттамасы, т.б.). біздің жағдайымызда бітіруші түлектің, яғни жаңа формациядағы жас маманның бейнесі.

2. **БІТІРУШІ МОДЕЛІ** – білікті әрі білімді, ең алдымен рухани тұрғыда кемелденген, ұлттық ділі мықты, әлеуметтік мәдениеті қалыптасқан, халық, ұлт алдындағы жауапкершілік сезімі жоғары дара тұлға.

Оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық технологияны тиімді енгізе алатын, қажетті өзгертулерді, түзетулерді жасай алатын, өз білімін толықтырып отыратын, ұдайы ізденіс үстіндегі инновациялық-технологиялық іс-әрекетті меңгерген маман.

Оның сыртқы келбеті ұқыптылық пен жарасымдылықпен сипатталады, педагогикалық әдебі жоғары, басқаны түсіне біледі. Прогрессивті алдыңғы қатарлы ойларды уағыздаушы, сыни ойлау деңгейі жоғары, өзгенің ойын, өзгенің пікірін құрметтей біледі, ұстамды әрі салқын қанды ойлауға қабілетті. Өз білімін тұрақты көтеріп отырумен жүйелі айналысады, өз жұмысына рефлексия жасауға қабілетті. Эрудициясы, жалпы мәдениеті жоғары, эстетикалық талғам

және көркемдік мәдениеті жинақталған. Ол саясаттағы, ғылымдағы, өнердегі барлық жаңалық пен озық ойларға қызығушылық танытып отырады. Зиялы тұлға ретінде өз бойына адамзат мәдениетіндегі ең жақсы үлгілерді жинақтайды.

Қоғамдық өмірдегі өзінің азаматтық ролін дұрыс түсінетін, саяси сауаттылығы жоғары маман.

**3. ҚҰЗІРЕТТІЛІК** (латын тілінен аудармасы «competense» белгілі бір сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір) – ұғымы адамның мәселеден жақсы хабардарлығы, танымдар мен тәжірибелерді меңгеру аумағын білдіреді. Белгілі бір сала бойынша құзіретті болу – осы салаға негіздемелік талдау жасау және ондағы тиімді іс-әрекет етуге мүмкіндік беретін лайықты білім мен қабілетке ие болу.

Құзіреттілік еңбек нарығында тұрақты өсіп отырған талаптармен, шапшаң технологиялық өзгертулермен, оның ішінде академиялық және еңбектегі мобильдік өсуімен негізделген. Құзіреттіліктің жеке компоненттерін анықтай отырып, ол адамның алдына қойған мақсаттарын орындауға көмектесетін сипаты мен икемділігін атайды.

Кәсіптік құзіреттілікті маманның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесіне сай белгілі бір міндеттерді орындауға дайындығы, яғни жеке тұлғаның кәсіптік іс-әрекетті атқаруға теориялық білімі мен практикалық қабілеттерінің бірлігі негізіндегі даярлығы деп түсінеміз.

### *Жоғарғы оқу орнын бітіруші тұлғаның құзіреттілігі құзіреттіліктің үш түрімен анықталады:*

#### *I Жалпы білімділік ҚҰЗІРЕТТІЛІК*

#### *II Базалық ҚҰЗІРЕТТІЛІК*

#### *III Кәсіби ҚҰЗІРЕТТІЛІК*

#### *I Жалпы білімділік ҚҰЗІРЕТТІЛІК -*

Жалпы білімділік құзіреттілік сала ерекшелігіне қарамастан барлық мамандар бойынан табылу керек деп қарастырылған, себебі құзіреттілік маман біліктілігінің негізін құрайды. Негізгі құзіреттілік 5 бөлінеді:

- Әлеуметтік – этикалық құзіреттілік;
- Кәсіби экономикалық ұйымдастыру - басқарушылық құзіреттілік;
- Ғылыми философиялық және діни құзіреттілік
- Ақпараттық құзіреттілік



- Коммуникативті құзіреттілік.

**Әлеуметтік – этикалық құзіреттілік** – кәсіби қызметтегі жеке және қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық және этникалық нормаларды білу. Тіл, әдебиет, мемлекеттік тіл саясатының мәселелеріне қатысты өз көзқарастарын айта білу. Кәсіби қызмет түрлерінде әлеуметтік – гуманитарлық ғылымдардың әдістерін қолдана білу. Кәсіптік қызметті жүзеге асыру мен еңбек ұжымының басқа мүшелерімен жеке қарым – қатынасты ұйымдастыруға байланысты мақсаттарды қою мен міндеттерді қалыптастыра білу.

**Кәсіби экономикалық ұйымдастыру - басқарушылық құзіреттілік** – экономикалық теорияның базалық түсінігін меңгеру және экономикалық процестердің мәнін түсіну. Негізгі экономикалық процестер мен Қазақстан Республикасындағы, оның ауқымынан тыс жерлердегі бағдарламаларды жалпы көлемде сараптай білу. Әлеуметтік дамудың факторларын, әлеуметтік әсерлердің қалыбын, әлеуметтік үрдісін, әлеуметтік сараптаудың негіздерін білу.

**Ғылыми философиялық және діни құзіреттілік** – әлемнің ғылыми философиялық және діни бейнелері, адам білімінің сан алуан түрлері, рухани құндылықтар мен оның маңызы, филологиялық білімнің ерекшелігі, классикалық және классикалық емес философиялық теориялары, негізгі бағыттары мен мектептері, адам дамуының философиялық мәселелері, ғылым, техника және білім беру қоғамдары, Қазақстанның философиялық ойшылдары туралы түсінік.

**Ақпараттық құзіреттілік** - информатиканың негіздері, қазіргі ақпараттық технологиялары мен оның даму тарихы, қазіргі кезеңдегі мәселелері, келешек кәсіби қызметте техниканың әрқилы түрлерін пайдалану әдістері туралы жалпы ұғым болу. Компьютердің негізгі компоненттері мен оның жабдықтарын: офистік арнаулы және басқаларды қоса алғандағы қолданбалы бағдарламалардың қазіргі жинағын білу. Қазіргі технологияны пайдалана отырып, ақпаратты жинау, сақтау және өңдеу дағдыларын меңгеру.

**Коммуникативтік құзіреттілік** - ҚР «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін білу. Мамандық бойынша білім беру бағдарламасы анықтаған деңгейді есепке ала отырып, тұрмыстық, ғылыми, кәсіптік қатынас саласында қазақ/орыс және шет тілдерінің бірінде сұхбаттық әрі жекеше сөйлеуді қолдана білу.

**II ӘДЕБИ-ПӘНДІК ҚҰЗІРЕТТІЛІК** – тәжірибеде кәсіби құзіреттілік бітірушінің идеялды моделі ретінде көрініс береді. Кәсіби құзіреттілік деп педагогтің жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы. Кәсіби құзіреттілік жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық, практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі.

#### **Пәндік құзіреттілік:**

- **білу:** өнер түрі ретіндегі әдебиет пен оның түрлері мен жанрлары, көркем образ түсінігі мен типтеу әдістері

жөнінде және поэтикалық троптар мен өлең құрудың негізгі жүйелері туралы білу. Әдеби бағыттарды, ағымдар мен мектептерді көркем әдебиетке тән ерекшелікті, оның эволюциясы мен қазіргі жағдайы, әр түрлі тарихи – мәдени дәуірлердегі жазушылардың шығармашылығын білу. Әдебиет тарихы дамуының негізгі кезеңдерін (қазақ, орыс, шетелалыс және жақын шетел әдебиеттерінің), олардың адамзат тарихы және халық мәдениеті тарихымен ара қатынасын, әдеби ағымдардың, бағыттардың, әдістердің түсінік мазмұны мен зерттеудің қағидаларын, сюжеттік композициялық ерекшеліктер мен көркемдік бейнелеу амалдарын білу.

- **меңгеру:** әлемдік әдеби үрдістің даму заңдылықтарын, туыстығын, даму кезеңдерін, эстетикалық бағдарламасын, әдеби бағыттардың, мектеп ағымдарының, белгілі жазушылар шығармашылығының сабақтастығын және қоғамдық жағдай мен кезең мәдениетіне байланысты әдеби шығарманың көркемдік маңызын білуге; туындының және жазушы шығармашылығының көркемдік ерекшелігін бүтіндей алып анықтау.

- **дағды:** жалпы адамдық құндылығын көрсете отырып, әр түрлі дәуірлердің көркем құбылыстарын түсіндіріп беруге және әртүрлі жанрлардағы көркем шығармалардың құрылымын талдай білу. Әдебиет сыны мәселелері мен оның негізгі бағыттары бойынша бейімделу. Әдістемелік және эстетикалық тұрғыдан көркем шығармалар мен әдеби үрдістердің құбылыстарына сыни баға беру. Көркем шығармаларды белгілі бір тарихи – мәдени дәуірге, әдеби бағытқа, ағым мен мектепке қатыстылығы тұрғысынан талдаудың дағдысына ие болу. Әдебиеттанулық талдаудың әдістері мен тәсілдерін меңгерту. Қазақ әдебиетін оқытудың мақсаттарын, ұстанымдарын, әдістерін, мазмұнын, педагогикалық үрдістің мәнін, құрылымы мен заңдылығын педагогикалық әдістемелік негізі ретіндегі тұлға мен қызметтің теориясын, оқытудың әдістерін білу. Әдебиет саласында филологиялық зерттеулер (рефераттар, баяндамалар мен курстық жұмыстарын жазу) жүргізе білу.

### **III. Лингвистикалық – дамытушы құзіреттілік:**

- **білу:** тіл жөніндегі оқытудың негізгі теориялық ережелері, лингвистикалық ғылымдарының методологиялық ұстанымдары мен категориялары, тіл мен көркем әдебиет байланыстары, тіл мен ойлаудың арақатынасы мәселелері, қазіргі тіл білімінің дискуссиялық мәселелері туралы түсініктері болу. Мамандық әдістемесі мен практикалық мәселелерін нәтижелі меңгерулері үшін, қажетті мөлшерде, жалпыкәсіптік пәндердің негіздерін білу. Лингвистиканың мақсаты мен міндеттерін, негізгі түсініктерін, даму тарихы мен қазіргі жайын білу. Қазақ тілінің лексикалық қабаттарын, олардың әлеуметтік – қызметтік, қызметтік – стилдік мінездемесіне сәйкес ажырата білу.

- **меңгеру:** тіл жүйесінің негізгі категорияларын, оның деңгейлік құрылысын, фонетикалық және лексика фразеологиялық жүйелердің өзгешелігін меңгеру. Қазақ тілінің шығу, даму қызмет етудің жалпы заңдылықтары туралы меңгеру; тілді өз тарихы мен қазіргі жағдайы тұрғысынан талдай алу; оның диалектілік әртүрлілігі жөнінде түсінігі болу;

қазақ тілінің өзге тілдермен туыстық және типологиялық ара қатынасын меңгеру; тілдік құбылыстарға аспектілік пен кешенді тұрғыдан келу және тіл дамуының тенденцияларын меңгеру.

▪ **дағды:** қазақ тілінің барлық деңгейіндегі лингвистикалық талдаудың әдістемелік негіздерін білу; оқытылатын филологиялық пәндердің түсіндірме – терминологиялық аппаратын меңгеру. Мәтінді талдау мен түсіндіріп беружәне берілген коммуникативтік жағдайға сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндерді құрау барысында алған білімді қолдана білу. Теория мен тәжірибеде әдеби тілдің орфографиялық, орфоэпиялық және стилистикалық нормаларын үйрену.

### №1 кесте. Әлеуметтік-кәсіби өзара қарым-қатынасты пәндерді игеру тізбегі

№	Құзіреттілік	Міндетті, элективті пәндер тізбегі және әр оқыту траекториясы бойынша оқыту тізбегі		Күтілетін нәтиже
		Пәндер тізімі	Оқыту тізбегі (сем.)	
<b>ЖБП пәндері</b>				
1	Жалпы білімділік құзіреттілік	Нарықтық экономика және кәсіпкерлік негіздері	2	<b>Білу керек:</b> Кәсіпкерлік қызметтің негізгі элементтерімен, коммерциялық мәмілелерді ұйымдастырумен, қоғамдағы бизнестің қалыптасу және даму заңдылықтарын зерттеумен байланысты мәселелер қарастырылады. <b>Игеру керек:</b> Экономика негіздері- экономикалық процестер, экономикалық заңдар, санаттар, өндіріс туралы білім жинақтайды.
2	Жалпы білімділік құзіреттілік	1.Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәдениет негіздері	2	<b>Білу керек:</b> Жемқорлықтың негізгі мәнін және пайда болу факторлары туралы кешенді білім алу. <b>Игеру керек:</b> Жемқорлыққа қарсы мәдениетті жетілдіре отырып, моральдық таңдау және қызығушылықтар арасындағы шиеленісті талдау
3	Жалпы білімділік	2.Өмір қауіпсіздігі және	2	<b>Білу керек:</b>

	күзіреттілік	экология негіздері		Қоршаған ортаны және биологиялық ресурстарды сақтау. <b>Игеру керек:</b> Өмір қауіпсіздігі және экология туралы білімді игереді.
<b>Базалық пәндер</b>				
1	Әдеби-пәндік күзіреттілік	Хандық дәуір әдебиеті	3	Қазақ хандығының құрылуы қарсаңындағы қоғамдық, әлеуметтік, саяси жағдай. Ежелгі түркі поэзиясының жаңа қоғамдық-саяси жағдайдағы дәстүрлі жалғасы болып табылатын қазақ жырауларының тарих сахнасына шығуы. Жырау және жыршы. Қазақ әдебиеті тарихында жыраулар поэзиясының алатын орны. Жыраудың қоғамдық-әлеуметтік тұлғасы. Хандық дәуір әдебиетінің көркемдік-идеялық ерекшеліктері. Толғау жанрының табиғаты, ерекшеліктері туралы мәліметтер беру.
2	Әдеби-пәндік күзіреттілік	XV-XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті	3	XV-XVIII ғасырдағы тарихи-әлеуметтік жағдай. Сондай-ақ жырау деген ұғымға түсінік бере отырып, қазақ әдебиетіндегі жыраулық поэзияның маңызын таныту қажет. Жыраулар шығармашылығының тақырыптық негізі көрсетіліп, замана сабақтастығы, дәстүр жалғастығы айқындалады. XV-XVIII ғасырлардағы ақын-жыраулар мұрасының бүгінге сақталып жетуі, шығармаларының жариялануы, зерттелу деңгейі.
3	Әдеби-пәндік күзіреттілік	Ежелгі дәуір әдебиеті	3	Пәнді оқу барысында қазақ әдебиеті тарихы пәнінің зерттеу нысаны, қазақ әдебиетінің даму

				<p>кезендері, сақтардың қаһармандық дастандары, «Алып Ер Тонға», «Шу» дастандары Ғұндардың батырлық жырлары, «Авеста» кітабы, «Аттила», «Көк бөрі», «Ергенекон» дастандары, Орхон жазуындағы жәдігерліктер, «Күлтегін» және «Тонькөк» жырлары «Оғыз қаған» эпосы, «Қорқыт ата кітабы» Ислам дәуірі әдебиеті (X-XII ғасыр), Әбу-Насыр әл-Фараби, А.Иүгінеки мен С.Бақырғанидың әдеби мұралары, Ж. Баласағұн мен М.Қашғаридің әдеби мұралары, А.Иассауи «Диуани хикмет», «Мират-ул Кулуб» XIII-XV ғасырлардағы әдебиет. Алтын Орда дәуірінің әдебиеті, Х о р е з м и «Мұхаббат-наме», Құтб «Хұсрау-Шырын» дастаны, Сайф Сарай «Гулистан бит-түрки», Дүрбек «Жүсіп-Зылиха» дастаны, Н.Рабғузи «Рабғузи қиссалары», «Кодекс Куманикус», Қадырғали Жалайыри. «Жами-ат тауарих», Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди» Әбілғазы «Шежіре-и түрк», Бабыр «Бабыр-наме» тақырыптары қарастырылады.</p>
4	Әдеби-пәндік күзіреттілік	XII-XIV ғ қазақ әдебиеті	3	<p>Пәнді оқыту барысында XII-XII ғасырлардағы қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, түркі тілдес халықтардың әлеуметтік, күнделікті және рухани өмірі, сақтардың салт-дәстүрі, наным-сенімі, әдет-ғұрпы, діні, олардың ата-баба аруағына, аспан денелеріне, Күнге, Айға, Жұлдыздарға және Жер-Анаға табынуы, «Аттила», «Көк бөрі», «Ергенекон» дастандары, «Оғыз-наме» эпосының жанры, композициясы, сюжеттік желілері, XII - XII ғасырлардағы әдеби және</p>

				тарихи ескерткіштер тақырыптары оқытылады.
5	Лингвистикалық – дамытушы құзіреттілік	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы	4	Грамматикалық мағына, грамматикалық тәсіл, грамматикалық форма, грамматикалық құрылым, негізгі грамматикалық ұғымдар туралы ғылыми теориялық білімді жүйелі жүргізудің бағыт-бағдарын ұсынады. Қосымша, көмекші сөз, сөздердің орын тәртібі, қосарлану, интонация, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалық өзгеруі, сөз және оның формалары, оны құрастырудың жолдары мен тәсілдері, амалдары туралы теориялық білім беруді көздейді.
6	Лингвистикалық – дамытушы құзіреттілік	Тіл және сөз: жүйе және құрылым	4	Пәнді оқу барысында тілдің жүйе ретінде маңызды жақтары, негізгі мәліметтер жиынтығын беру және оларды лингвистикалық пәндерді оқу үшін қажетті ұғымдар мен терминдермен қаруландыру; табиғи тілдің адам, қоғам, әлемдік өркениеттің тарихы мен мәдениетімен байланыстарындағы пайда болуының, дамуының және қызмет етуінің жалпы заңдылықтарын көрсету; диалектикалық дүниетаным қалыптасуына ықпал ету.; -логикалық ойлау мен лингвистикалық интуицияны дамытуға үлес қосу; лингвистикалық талдаудың негізгі дағдыларын дамыту, тіл білімінің негізгі мәселелерін, сипаты, тіл мен ойлаудың арақатынасы, тілдің құрылымы мен құрылымы, шығу тегі мен жұмыс істеуі, тілдердің классификациясы менгеру); тілдік жүйенің негізгі үлгілері, табиғи тілдің шығу тегі туралы гипотеза; Тілдің ішкі құрылымы (жүйелік және құрылымдық ұйым, бірліктердің табиғаты мен функциялары);

				лингвистикалық ғылымның негізгі сұрақтары, жеке деңгейлер мен тіл бірліктерін меңгеру тақырыптары қарастырылады.
7	Әдеби-пәндік күзіреттілік	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті	4	Курс барысында студенттер меңгеретін тақырыптар: XIX ғасыр жанрлары, ақын жыраулардың әдеби дәстүрлері, Ы.Алтынсарин шығармашылығы, Абай шығармашылығының орны, жазба әдебиеттің дүниеге келуі, әдеби ағымдар мен бағыттар, дәстүр мен жаңашылдық, XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті ақындарының поэзиялық жинақтары, XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің зерттелу деңгейі.
8	Әдеби-пәндік күзіреттілік	Ағартушылық бағыттағы әдебиет	4	XIX ғасырдағы ағартушылық бағыттағы әдебиеттің дамуы. Ағартушылық бағыттағы әдебиеттің негізгі бағыттары мен оның көрнекті өкілдері туралы түсінік беру; Бұл әдебиеттің өкілдері Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов ғылым-білім, оқу-өнерді насихаттаулары. Шоқанның ғылыми көзқарасы, қызметі арқылы қазақ елі ішінде ағартушылық, демократиялық идеялар тарауы. Ыбырай әдебиетке деген ұғым, түсінікті жаңартып, оның жас ұрпақты тәрбиелеудегі ұлы күш екенін көрсетуі. Өзі балаларға арналған әңгімелер, өлеңдер жазуы. Студенттер XIX ғасырдағы ағартушылық бағыттағы қазақ әдебиетінің мұраларымен танысып, олардың идеологиялық және эстетикалық құндылықтары туралы пікір қалыптастырады.

9	Лингвистикалық – дамытушы құзіреттілік	Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі	5	Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі курсы студенттің «Қазіргі қазақ тілі» пәнінің соңғы бөлімі болып табылады. Бұл фактор тілдік жүйенің басқа деңгейлері мен аспектілері туралы ақпаратты синтездейтін пән ретінде қазақ тіл білімі курсының синтаксистік компонентінің мақсаты мен міндеттерін түсіну үшін шешуші болып табылады.
10	Лингвистикалық – дамытушы құзіреттілік	Синтаксистің өзекті мәселелері	5	Осы оқу пәнін меңгерудің мақсаты - студенттерге қазақ әдеби тілінің қазіргі синтаксистік жүйесі туралы ғылыми білім беру, олардың нормаларын терең меңгеруге көмектесу, болашақ мамандарды лингвистикалық мәселелер бойынша кәсіби және көпшілікке тарату жұмыстарын жүргізу үшін қажетті білімді, іскерлікті, дағдыны меңгерту, жетік біліммен қаруландыру, студенттерді ғылыми зерттеу әдістемесімен таныстыру және болашақта қазақ тілі және оны оқыту саласында өзіндік ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жүргізуге дайындау.
11	Әдеби-пәндік құзіреттілік	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	5	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің кеңес дәуіріне дейінгі кезеңі. Шығармашылық ғұмырбаяндар. Әдеби мұралар. Ұлт азатшыл бағыттағы көрнекті қайраткерлер. XX ғасырдағы әдебиеттің көркемдік сипаты, XX ғасырдағы әдебиеттердің үлгілері зерттеледі. Осы тұстағы қазақ әдебиеті өзіне дейінгі ұлттық әдебиетіміздің бар асылын, үлгілі дәстүрін ала отыра, дәуірге сай жаңа көркемдік мүмкіндіктерді ашты.



12	Әдеби-пәндік күзіреттілік	Ағартушылық-демократиялық бағыттағы қазақ әдебиеті	5	Бұл пәнді оқу барысында студенттер білім мен демократиялық үрдістер, діни және демократиялық әдебиеттердің ерекшеліктері, XX ғасыр басындағы ағартушылық демократиялық бағыттағы әдебиеттің дамуы, әдебиеттің белгілі тұлғалары туралы өз ойларын тереңдетіп, XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен дамуы туралы ақпарат алады, осы бағытта жазылған жұмыстарға кешенді талдау жүргізеді. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің көптеген өкілдерінің шығармаларының баспасөз беттерінде, әсіресе “Айқап” журналында жариялануы, кітап болып басылып шығуы. Ағартушы-демократиялық әдебиетінің көрнекті өкілдері болып табылатын С. Торайғыров, С. Дөнентаев, С. Көбеев, Т. Жомартбаев, М. Сералин, Ә. Тәңірбергенов, Б.Өтетілеуов, Ә. Ғалимов шығармаларының жазылуы, жарыққа шығуы.
13	Лингвистикалық – дамытушы күзіреттілік	Көне түркі тілі	5	Түркологияның негізгі мәселелері және оның қазіргі міндеттерімен таныстыру. Көне түркі тілдерін, түркі жазба ескерткіштерін зерттеудегі түркологияның алатын орнын түсіндіру. Студенттер бойына қазақ тілінің тарихы, оның тайпалық тілдерден халық тілі, одан ұлт тілі болып қалыптасуы – туыс түркі тілдерінің тарихымен тікелей байланыстылығы жайлы сенімді көзқарас қалыптастыру.
14	Лингвистикалық – дамытушы күзіреттілік	Түркі тілдерінің грамматикасы	5	Пәнді оқу барысында түркі тілдерінің морфологиялық құрылысын салыстырмалы талдау, түркі тілдерінің грамматикалық ерекшеліктері мен

				оның қазіргі және ежелгі тілдердегі даму эволюциясы, түркі тілдерінің негізгі грамматикалық категориялары, олардың жалпы ерекшеліктері мен тарихи даму ерекшеліктері, қазіргі түркі тілдері мен диалектілердің тілдік жүйелері, сондай-ақ жазба ескерткіштері тақырыптары қарастырылады.
15	Лингвистикалық – дамытушы құзіреттілік	Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлем синтаксисі	6	Пән құрмалас сөйлем синтаксисін, оның түрлерін: салалас және сабақтас құрмалас сөйлем синтаксисін, салалас және сабақтас құрмалас сөйлес сөйлемдерінде қолданылатын жалғау түрлері, құрмалас сөйлемдердегі тыныс белгілерінің қолданылуы, күрделі синтаксистік тұтастық құрылымдық ерекшеліктері, қазіргі қазақ тілінің синтаксисі курсының нормасының ғылыми принциптері тақырыптарынан тұрады.
16	Лингвистикалық – дамытушы құзіреттілік	Әлеуметтік тіл таным	6	Бұл пәнді оқу келесі міндеттерді шешуді қарастырады: 1) студенттерге қазіргі қазақ тілінің әлеуметтік жүйесі туралы түсінік беру және осы жүйені оның тіл құрылымымен өзара байланыста меңгеруіне қол жеткізу.; 2) студенттерді мәтіннің пішінін, мазмұны мен құрылымын, оның әлеуметтік-лингвистикалық қарым-қатынас процесіндегі функцияларын бөліп көрсетуге үйрету.; 3) социумдағы сөйлеу коммуникациясының шарттары мен нысандарын, әлеуметтік лингвистикамен байланысты базалық ұғымдарды зерделеу, әлеуметтік-лингвистикалық өзара қарым-қатынасты үйрету; 4) әлеуметтік лингвистиканың негізінде зерттеу әдістерін

				үйрету;; 5) социоллингвистика бойынша әдебиетті өңдеуге және пайдалануға үйрету; 6) әлеуметтік лингвистиканы зерттеуге байланысты студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту; 7) қазіргі қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік жобалар мен идио жобалардың қызмет етуі туралы түсінік беру; 8) әлемнің тілдік бейнесі туралы түсініктерді қалыптастыру; 9) компьютерлік технологияларға аудару мақсатында тілдік үрдістерді модельдеуге үйрету; 10) әлеуметтік маңызы бар мәтіндерді талдауға үйрету; 11) тілді ғылыми және оқу мақсаттарында сипаттауға үйрету; 12) студенттерді әртүрлі тілдік жүйелерді салыстыруға үйрету 13) студенттерді билингвалды және полилингвалды тілдік жағдайларды талдауға үйрету; 14)тіл саясатын зерделеу; 15) Қазақстан Республикасындағы тілдік жай-күйін зерттеу
17	Лингвистикалық – дамытушы күзіреттілік	Стилистика және сөйлеу мәдениеті	6	Пән төмендегі мәселелерді оқытады: - стилистика және сөйлеу мәдениеті, сөйлеу нормалары; - тіл мәдениетінің формалары, тіл мәдениетінің формасы туралы ғылыми көзқарас, сөйлеу мәдениеті, негізгі салалар туралы сөз; - тіл мәдениеті туралы түсінік;; - функционалды стилистика; - лингвистикалық стилистика және негізгі ұғымдар, функционалды стильдер мен тілдік белгілердің стилистикалық ерекшеліктері.
18	Әдеби-пәндік күзіреттілік	Шешендік өнер	6	Пәнді оқу барысында ауызша сөйлеуді меңгеру, ауызекі сөйлеуде ойды шебер құру және көпшілік алдында сөйлеуді білу – бүгінгі таңда заманауи адамның өзекті қажеттіліктерінің бірі болып

				табылады. "Шешендік өнер" курсы болашақ маманның филологретіндегі мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін білім беру үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Шешендік сөз өнері маманның кәсіби дайындығын, тілдік, ақпараттық материалдарды меңгеруін байқатады, сондай-ақ басқа адамдармен, аудиториямен, тыңдаушылармен еркін қарым-қатынасқа бейімділігін дамытады. Оқыту барысында қазақ шешендік өнерінің көптеген материалдары меңгертіледі
19	Әдеби-пәндік күзіреттілік	1960-1990 жылдардағы қазақ әдебиеті	6	Пәнді оқу барысында студенттер М. Мақатаев, Ф. Оңғарсынова, Ж. Молдағалиев, Т. Молдағалиев және т. б. шығармашылығымен, әдеби мұраларымен танысады. ХХ ғасырдың 60-жылдарынан бүгінгі күнге дейінгі әдебиеттің көркемдік даму кезеңдері қарастырылады. Студенттерге ұлттық сөз өнеріне енген көркем шығармаларды талдаудың ғылыми принциптерін теориялық негіздеу ұсынылады, әдебиеттің қоғамдық оймен байланысы зерттеледі.
20	Әдеби-пәндік күзіреттілік	Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті	6	Тәуелсіздік жылдары жазылып жарық көрген, әдебиеттің тарихы мен процесінде айрықша орны бар көркем шығармалар мен көрнекті қаламгерлердің шығармашылық ізденістерін, проза жанрының тақырыптық тенденциялары, драматургияның поэзияның дамуына қатысты ілгері зерттеулер мен еңбектер оқытылады. Студенттер М.Мағауин, Ш.Мұртаза, Д.Исабеков, Қ.Жұмәділов, М.Шаханов, Ф.Оңғарсынова,

				Қ.Жұмәділов А.Алтай, Р.Мұқанова,и А.Кемелбаева тб ақын-жазушылар, драматургтардың өмірі мен шығармашылығын жан-жақты зерттейді.
21	Лингвистикалық – дамытушы құзіреттілік	Орфография және пунктуация	7	Пән мынадай бөлімдерді оқытады: - тілдің қалыптасуы және емле ережелері; - орфоэпиялық, орфографиялық ережелер, сөздер және олардың айтылуы және жазылуы. Осы пәнді оқу барысында студенттер пунктуация мен интонацияны, жазу және пунктуация тарихын, сондай-ақ ғалымдардың лингвистика мәселелеріне деген көзқарастарын саралайды. Студенттер осы пәнді жаңа инновациялық технологиялар арқылы оқыту әдісін қолдана отырып, оқып үйренуі қажет.
22	Лингвистикалық – дамытушы құзіреттілік	Мәтін семантикасы	7	"Мәтін семантикасы" пәнін меңгеру мақсаты студенттерді ғылыми білімнің қазіргі интегралды парадигмасы аясында мәтін семантикасының теориялық және әдіснамалық мәселелерімен таныстыру, мәтін теориясының негізгі ережелерін қарастыру, типологияны анықтау критерийлерін үйрету. Пәнді меңгеру нәтижесінде студенттер мәтін лингвистикасы теориясының негіздерін біледі, берілген міндетке сәйкес мәтіндерді талдай алады, мәтіннің белгілерін, оның түрін және т. б. анықтау дағдылары қалыптасады.
23	Әдеби-пәндік құзіреттілік	Өлең теориясы	7	Пәнді меңгеру барысында студенттер поэтикалық шығармалар мазмұнының ерекшеліктерімен, өлеңнің теориялық аспектілерімен танысады; қазіргі күнге дейін өлең теориясының дамуы мен қалыптасуы туралы біледі, қазіргі поэзияны жан-жақты зерттеу және Абайдың қазақ өлеңіне қосқан

				үлесі бсараланады. Студенттер өлеңді талдаудың ғылыми принциптерін, өлеңді құраудың тілдік тәсілдерін, халық поэзиясының тілін, өлең құрылымын, әдебиеттегі өлең құрылысының жүйесін меңгереді.
24	Әдеби-пәндік күзіреттілік	Қазақ өлеңінің табиғаты	7	Пәнді меңгеру барысында студенттер қазақ өлеңінің теориясымен танысады. Қазақ өлеңінің қазіргі күнге дейінгі зерттелуі, дамуы мен қалыптасуы туралы ақпарат алады. Абайдың қазақ өлеңіне қосқан жаңалығы, қазіргі поэзиядағы Абай дәстүрі сараланады. Қазақ ақындарының әлем әдебиетінің поэзиясымен үндесе жыр жазуы зерттеледі. Қазақ поэзисындағы әдеби процестер талданады.
25	Әдеби-пәндік күзіреттілік	Қазіргі қазақ әдебиеті	7	Курс барысында қазіргі қазақ әдебиетінің даму кезеңдері, қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелерімен таныс болады. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму үдерісіне, басым бағыттарына тән тенденцияларды қарастыру. Әлемдік көркемдік даму үдерісіндегі қазіргі қазақ әдебиетінің өзіндік тұғырын бажайлау. Сөз өнерінің типологиялық өрісін қазақ әдебиетінің қазіргі поэтикалық жүйесі бойынша талдау. Қазіргі әдеби дамуды талдаудағы соны теориялық еңбектерді игеру. Қазіргі қазақ әдебиетінің өкілдерінің шығармашылық жолын, өзіндік қолтаңбасын танытатын елеулі туындыларына шолу жасалады.

26	Әдеби-пәндік күзіреттілік	Қазіргі әдеби үрдіс	7	Заманауи әдеби үдерістің жаңашыл тенденцияларын қарастыру. Қазіргі модернистік және постмодернистік әдебиетке тән поэтикалық жүйе, эстетикалық қағидаттарын меңгеру. Заманауи әдеби үдеріс бағытын айқындап отырған ақын-жазушылар туындылары, шығармашылық тұлғаларына тән сипаттарын талдау.
27	Әдеби-пәндік күзіреттілік	Әдебиет теориясы	7	Курс барысында студенттер эстетикалық ойдың даму кезеңдері, әдебиет теориясының методологиясы, көркем әдебиеттің табиғаты, ерекшелігі, әлеуметтік сипаты туралы қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелерімен таныс болады. Сонымен қатар әдеби тұлға, орта және автор, шығарманы пайымдау, әдеби туынды, әлем және шығарма, көркем сөз бен мәтін, шығармашылық әлем және әдеби болмыс жайында толық ғылыми мәлімет алады.
28	Әдеби-пәндік күзіреттілік	Әдебиеттің жалпы теориясы	7	Осы курс аясында студенттер көркем әдебиетті шығармашылық қызметтің ерекше түрі ретінде, яғни әдіснамалық тұрғыдан зерттейді. Әдеби процесс туралы түсінік беріледі және ауызша көркем шығармаларға қатысты көркемдік әдіс проблемасы қарастырылады. Пәнді меңгеру нәтижесінде студенттер әдебиеттану ғылымының тарихи дамуындағы негізгі түсініктері мен категорияларын, әдеби үрдістің даму заңдылықтарын білуі тиіс. Студенттер ауызша көркем шығарманы немесе оның фрагментін нақты талдауда өздерінің теориялық білімдерін өзектендіре алады.

29	Лингвистикалық – дамытушы құзіреттілік	Жалпы тіл білімі	8	Жалпы тіл білімінің нысаны мен негізгі проблемалары, салалары, тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы, тілдің өзіндік сипаттары, тіл білімінің тарихы, даму үрдістері мен даму кезеңдері, тіл білімінің қазіргі заманғы бағыттары, тілдік зерттеу әдістері, тілдің басқа әлеуметтік, жаратылыстану және техникалық ғылымдармен байланысы, сияқты тақырыптармен танысады.
30	Лингвистикалық – дамытушы құзіреттілік	Тіл білімі теориясы	8	Тіл біліміндегі негізгі теориялармен қаруландыру, оларға тіл туралы ғылымның өткен тарихынан, қазіргі күйінен, алда тұрған міндеттерінен, шешілген және шешілмеген проблемаларынан жан-жақты мәлімет беру. Тіл білімінің даму тарихында қолданылған, қазір қолданып жүрген, жаңадан туа бастаған арнаулы әдістер мен әдістемелермен, тіл білімін дамытуға өз үлестерін қосқан ғалымдармен, тіл білімі мектептерімен таныстыру.
<b>Кәсіби пәндер</b>				
3	Әдеби-пәндік құзіреттілік	Көне түркі қазақ мифтері мен аңыздары	4	Пән ежелгі түрік және қазақ аңыздары мен хияяларының пайда болу тарихын зерттейді. Ежелгі түркі ескерткіштері, оғыз-қыпшақ дәуірінің әдеби мұрасы, Ислам дәуіріндегі әдебиет, Алтын Орда дәуірінде жазылған әдеби, тарихи шығармалар қарастырылады.
4	Әдеби-пәндік құзіреттілік	Фольклористика тарихы	4	Пәнді оқыту барысында фольклорды қалыптастыру және дамыту туралы білім беру жүйесін, фольклор мен басқа гуманитарлық ғылымдардың (тарих, этнография, өнертану)



				байланыстары туралы және қазақ фольклорының күйі туралы аймақтық көрініс туралы кешенді зерттеу, фольклор тарихын зерттеу, фольклорлық зерттеулердің принциптері мен техникасын меңгеру, жалпыға бірдей фольклорлы мәтіндерді жинау, зерттеу және жариялау әдіснамасының негіздерін меңгеру тақырыптары қарастырылады.
5				
6	Әдеби-пәндік күзіреттілік	Шетел әдебиетінің тарихы	5	Пәнді оқыту барысында қазіргі заманғы әдебиеттану ғылымындағы жеке халықтардың әдебиеттері дүниежүзілік әдеби-мәдени даму аясында қарастырылады. Пән ежелгі дәуір әдебиетінің жанрлық ерекшеліктерін, орта ғасырдағы әдебиеттердің жанрлық ерекшеліктерін, Қайта Өрлеу дәуіріндегі әдебиеттің даму бағыттарын, ХҮІІ-ХҮІІІ ғғ., ХІХ-ХХ ғғ. әлем әдебиетінің дамуына шолу жасауды, шет елдер әдебиетінің даму кезеңдерін, әдеби бағыттарын, жекелеген авторлар шығармаларын көркемдік-идеялық тұрғыдан талдай білуге, меңгертуге негізделген.
7	Әдеби-пәндік күзіреттілік	Әлем әдебиетінің тарихы	5	Пән орта ғасырдағы әлем әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерін, даму сатыларын, көркемдік құндылықтарын оқытуға арналады. Курста студенттер орта ғасырлық эпос, рыцарлық, қалалық әдебиетпен, әр елдердегі қайта өрлеу дәуіріндегі көркем шығармалармен және әдеби ағымдармен танысады яғни, антиктік дәуір әдебиетінен ХХІ ғасырға дейінгі әлемдік әдеби мұралар оқытылады.

8	Әдеби-пәндік күзіреттілік	Абайтану	5	«Абайтану» курсы студенттердің осы курсты игеру барысында алған білімдерін одан ары тереңдете түсуге, Абай өлеңдерінің, қара сөздерінің, поэмаларының және көркем аудармаларының ішкі табиғатын тану арқылы оларға ақын шығармашылығының көркемдік-эстетикалық мәнін кең ауқымда игертуді мақсат етеді. Сонымен қатар Абай шығармашылығының зерттелуі, ақын мұрасының игерілуі, жариялану тарихы меңгертіледі.
9	Әдеби-пәндік күзіреттілік	Абайдың ақын-шәкірттері	5	Бұл курсты оқу Абайдың Шәкәрім, Көкбай Жанатаев, Тұрағұл, Ақылбай және Мағауия Құнанбаевтар, Әсет Найманбаев, Әріп Тәңірбергенов және т. б. ақын – шәкірттерінің шығармашылық мұрасын тереңдете зерделеуді көздейді.
10	Лингвистикалық – дамытушы күзіреттілік	Қазақ жазуының тарихы	6	Курстың барысында студенттер қазақ жазуы, араб жазуы, ескі ұйғыр жазуы, ежелгі жазба ескерткіштерін талдау, қазақ жазба тарихын, ежелгі мәдени және тарихи мұраның тарихын зерттейді. Жазудың түрлерінен, б.ж.с 5-8 ғасырлардан бастап дамып келе жатқан түркі тілдерінің соның ішінде қазақ тілінің жазу жүйесінің қалыптасу тарихынан білім беруді көздейді.
11	Лингвистикалық – дамытушы күзіреттілік	Қазақ әліпбиінің тарихы	6	Бұл курстың зерттеу тақырыбы: әліпби тарихы, араб жазуы, ескі ұйғыр жазуы, орыс графикасы. Студенттер әліпбидің даму тарихын, әлемдік тәжірибелерге сүйене отыра ежелгі жазба ескерткіштердің тарихы бойынша терең білім

				алады. Қазақ мәдени өмірінде қолданған әліпби түрлері, емле ерекшеліктері, жазу теориясы, көне түркі, араб, латын графикасымен тығыз байланысты қазақ жазуының тарихы да бірлікте қарастырылады.
12	Әдеби-пәндік күзіреттілік	Шәкәрімтану	6	Бұл пәнді оқып үйрену Шәкәрім Құдайбердиевтің өмірі мен шығармашылығымен, оның өлеңдері мен поэмаларымен танысуды қарастырады. Студенттер Ш. Құдайбердиевтің өмірі, Шәкәрім шығармашылығының тақырыптық ауқымдылығы, Шәкәрім шығармаларының ғылыми - тақырыптық бағыттары туралы мәліметтер алады.; Студенттер ақынның шығармашылығын, оның көркем ерекшеліктерін жан-жақты талдайды.
13	Әдеби-пәндік күзіреттілік	Әдеби өлкетану	6	Курс Абайдың ақындық айналасын, өңірдің ақын-жазушылар шығармашылығын, сол арқылы халықтың әдеби өміріне жаңа өрнек, тың өзгеріс әкелгендігін үйретуді мақсат етеді. Абайдың ақын шәкірттері Шәкәрім, Ақылбай, Мағауия, Көкбай Әріп, Уәйіс, Әрхам, Кәкітай сынды ақындардың өмірі мен шығармашылығы оқытылады. Абайдан кейінгі қазақ поэзиясы ақын салған дәстүрмен дамуы әдебиетіміздегі ақындық мектептің қалыптасқандығын айқындайды.
